



## ЗАМАН СҰРАНЫСЫ

# Арнайы орталықтар ашудың қажеттілігі зор

**Бүгінде мемлекетті басқару үлгісі бойынша қалыптасқан бірқатар тұжырымдамалар бар. Атап айтқанда, англо – саксон, роман – герман, мұсылман елдерінің үлгісі және азиялық үлгі. Дегенмен, зерттеушілердің барлығы ешқандайда да басқару үлгісін шынайы және оны дәстүрлі үлгі ретінде басқа елдерге енгізе салатын әдіс емес екенін дәлелдеп отыр.**



**Дария ҚОЖАМЖАРОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОҚМУ ректоры,**  
**ҚР ҰҒА академигі**

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында біздің мемлекеттіміздің қазақстандық моделін одан әрі нығайтуға жете көңіл бөлгені және оны кеңінен жариялауы көңілге үлкен сенім ұялатты. Себебі, мемлекетті басқару ісі, жергілікті ұлт құраушы халықтың дініне, менталитетіне, дәстүріне сай келуі арқылы азаматтардың көңіл үдесінен шығуы керек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев негізін қалаған мемлекетті

жаңғырту уақыт талабынан туындап отырғаны мәлім. Әйткені, қазіргі таңда «Жаңа жария менеджмент», «Ақпаратты үкімет», «Желілік үкімет», «Шағын үкімет» сияқты тұжырымдардың ішіне қазақстандық «Еститін үкімет» тұжырымдамасы да бағалы бастама. Мемлекет басшысы осы тұрғыда былай деді: «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Осыған орай, бүгінде бірқатар істер қолға алынды. Атап айтқанда, билік белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрды. Қоғаммен диалог орнату мақсатында және ротациялық тәртіппен жұмыс

істейтін кеңестің күні кеше алғашқы отырысы өтті. Елімізді дамытуға және жаңғыртуға бағытталған бастамалар мен ұсыныстарды тысықтау ісіндегі Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің атқаратын рөлі зор болатынына көміп сенеміз.

Мемлекеттік құрылымдардың халықтың талабы мен тілегін ескеруі маңызды. Сонда ғана билік бұйындары мен қарапайым халық арасында сұхбат орнап, Конфуций айтқандай «Билеуші әділ билеуші, халық толықтай бағыну» идеясы жүзеге асады. Мұнда халықтың құқықтық қағидаларға сөзсіз бағынуы – заңды құрметтеу, қоғамдық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың сақталуы, елжандылық пен патриотизм үйлесуі шарт.

Шет мемлекеттердің тәжірибелерін зерттегенде әлеуметтік, этникалық және тағы да басқа шиеленістердің алдын алу, орын алған жағдайда қажетті арнаға бұра білу үшін, халық

тығыз қоныстанған өңірлердегі жоғары оқу орындарының жанынан халықтың көңіл-күйі мен сұраныстарын зерделеп отыру мақсатындағы арнайы зерттеу орталықтарын құру бүгінгі күннің сұранысы. Аталған орталықтар жаһандану үрдісіне бейімделе отырып, ішкі саяси өзгерістерге әсер ететін халықаралық мәселелердің салдарын бағамдауға, теріс әрекеттердің алдын алуға және жедел шаралар қабылдауға ықпал етер еді.

Жолдауда Қазақстан Президентінің сайлауалды бағдарламасындағы: «Халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын», — деп айтқаны көпшіліктің көңіл үдесінен шықты әрі сенім ұялатты. Тәуелсіз мемлекетіміздің ілгері дамуында жоғары маңызға ие бұл құжаттың әлеуметтің әлеуетін арттыруға және тарихы терең қазақ жұртының «Мөңгілік ел» болуына нық қадамдар жасауға негіз болары даусыз.